Азот оксидінің орташа шоғыры 1,5 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды бір реттік шоғыры 3,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).


Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

1.4 Степногор қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Степногор қаласында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (1.3-сур., 1.5-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үздіксіз режимде	№1 шағын ауданы	Аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртек оксиді, озон (жербеті)



1.3 сур. Степногор қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.3 сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол СИ=0,9 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа және максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


1.5 Атбасар қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атбасар қаласында атмосфералық ауа жай-күйіне мониторинг жүргізу үшін 1 стационарлық бекет жұмыс істейді (1.4 сурет, 1.6 кесте).

1.6 кесте

Анықталатын қоспалар және бақылау бекетінің орналасуы

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үздіксіз режимде	№1 шағын ауданы 3 құрылыс	қалқыма бөлшектер РМ-2,5, қалқыма бөлшектер РМ-10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, диоксиді және азот оксиді, озон, күкірт сутегі, аммиак, көміртек диоксиді



1.4 сурет. Атбасар қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау жүргізетін стационарлық желісінің орналасу схемасы

Ауа ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.4 сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол СИ=0,9 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Озонның (жер беткі) орташа шоғыры 1,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Ластаушы заттарың максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

1.6 Ақмола облысының эпизодтық мәліметтері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Ақмола облысында атмосфералық ауаның ластануына бақылау Калачи ауылда 2 нүктеде жүргізілді (1 нүкте – мектеп аумағында, 2 нүкте – ескі гидрост ауданы), Зеренді ауылында 2 нүктеде жүргізілді (1 нүкте – Зеренді МС, 2 нүкте – Синильга қонақ үйі ауданы), Макинск қаласының 2 нүктеде жүргізілді (1 нүкте – музыкалық мектебінің ауданы, 2 нүкте – Фурманов, Лихачев көшелерінің қиылысы).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, көмірсутектің және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (1.7, 1.8, 1.9-кестелер).

1.7-кесте

Ақмола облысының Калачи кентінің эпизодтық бақылау мәліметі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	1-точка		2-точка	
	q _m мг/м ³	qm/ШЖШ	q _m мг/м ³	qm/ШЖШ
Аммиак	0,04	0,20	0,03	0,15
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,1	0,1	0,1	0,1
Азот диоксиді	0,01	0,03	0,01	0,04
Күкірт диоксиді	0,05	0,09	0,04	0,07
Азот оксиді	0,03	0,07	0,01	0,02
Көміртегі оксиді	3,9	0,8	3,0	0,6
Көмірсутектер	49,8		47,9	
Формальдегид	0,009	0,170	0,005	0,090

1.8-кесте

Ақмола облысының Зеренді кентінің эпизодтық бақылау мәліметі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры.

Анықталатын қоспалар	1 точка		2 точка	
	q _m мг/м ³	q _m /ПДК	q _m мг/м ³	q _m /ПДК
Аммиак	0.02	0.12	0.04	0.19
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0.09	0.17	0.08	0.15
Азот диоксиді	0.009	0.047	0.04	0.2
Күкірт диоксиді	0,044	0,088	0.08	0.02
Азот оксиді	0.018	0.046	0.04	0.1
Көміртегі оксиді	1.3	0.3	1.9	0.4
Көмірсутектер	19.6		20,8	
Формальдегид	0.007	0.135	0.009	0.177

1.9-кесте

Ақмола облысы Макинск қаласының эпизодтық бақылау мәліметі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	1-точка		2-точка	
	q _m мг/м ³	qm/ШЖШ	q _m мг/м ³	qm/ШЖШ
Аммиак	0,07	0,33	0,07	0,36
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,082	0,165	0,07	0,13
Азот диоксиді	0,008	0,038	0,01	0,07
Күкірт диоксиді	0,098	0,195	0,091	0,182
Азот оксиді	0,032	0,08	0,03	0,08
Көміртегі оксиді	2,1	0,42	2,25	0,45
Көмірсутектер	52,3		51,3	
Формальдегид	0,038	0,754	0,007	0,132


1.7 Щучинск-Бурабай курорттық аймағы (ЩБКА) ауданындағы атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

ЩБКА аумағында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 8 стационарлық бекетте жүргізілді (1.5 сур., 1.10-кесте).

1.10- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Автоматты түрде	Кешенді фондық мониторинг станциясы (КФМС) «Боровое»	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (приземный), күкіртсутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
2			Бурабай ауылы, Кенесары, 25 көшесі, (С.Сейфуллин мектебі аумағы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, диоксиді және азот оксиді, озон (жербетті), күкірт сутегі, аммиак, көміртек диоксиді
3			Щучинский санаторий кенті, санаторий «Щучинск» ЖШС аумағында	
5			Шоссейная көшесі, №171	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, диоксиді және азот оксиді, озон (жербетті), күкірті сутек, аммиак



1.5 сур. ЩБКА ауданында атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Боровое КФМС атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.5 сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, ол СИ=1,0 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа және максималды-бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

Щучинск-Бурабай курорттық аймақ (ЩБКА) атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің мәліметтері бойынша (1.5 сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, ол СИ=2,1 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей) озон бойынша №5 бекет аумағында анықталды.

Озонның (жер беткі) орташа шоғыры 1,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Озонның (жер беткі) максималды бір реттік шоғыры 2,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

1.8 Ақмола облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияларда (Астана, Щучинск, «Боровое» КМФС, Бурабай) алынған жаңбыр суына сынама алумен (1.6-сурет) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 22,9%, хлоридтер 7,2%, гидрокарбонаттар 27,4%, натрий және магний иондары 6,1%, калий иондары 11,4%, кальций иондары 15,2% басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Астана МС – 47,5 мг/л, ең азы Бурабай МС – 20,2 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 9,9 мкСм/см-ден (Бурабай МС) 49,4 мкСм/см (Астана МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы сілтісі аз сипатта болып, 3,4 («Боровое» КМФС) – 6,0 (Щучинск МС) аралығында болды.

1.9 Ақмола облысының аумағындағы 2019-2020 жж. қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамын бақылау Астана, Атбасар, Көкшетау, Щучинск, «Боровое» КМФС метеостанцияларында (МС) жүргізілді (1.6-сур.).

Қар жамылғысынан алынған сынамада анықталатын барлық лаस्ताушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады.

Қар жамылғысы сынамасында сульфаттар 32,1%, хлоридтер 10,0%, нитриттер 6,8%, гидрокарбонаттар 24,0%, магний иондары 9,0%, кальций иондары 14,7% басым болды.

Ең жоғарғы минералдылығы Атбасар МС – 49,8 мг/л, ең аз Щучинск МС – 12,5 мг/л тіркелді.

Қар жамылғысының үлесті электрөткізгіштігі 19,0 (Щучинск және Көкшетау МС) – 30,8 мкСм/см (Астана МС) аралығында болды.

Жауған қардың қышқылдығы әлсіз қышқыл және орташа сілті сипатта болып, 5,9 (Бурабай МС) – 7,4 (Көкшетау МС) шегінде болды.



1.6 сур. Ақмола облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

1.10 Ақмола облысының аумағындағы жер үсті су сапасы

Ақмола облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 26 су объектісінде: Есіл, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Қылшықты, Шағалалы, Беттібұлақ Нұра, Жабай, Сілеті, Ақсу өзендері және Қопа, Зеренді, Бурабай, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Щучье, Карасье, Сұлукөл, Жүкей, Катаркөл, Текекөл, Майбалық, Лебяжье, Сұлтанкелді көлдері, Вячеславское су қоймасы, Нұра-Есіл арнасында жүргізілді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Есіл өзені:

– Тургеневка а., 1,5 км солт.-тен қарай оңтүстікке, Тургеневка ауылынан , 1,5 км төмен су бекеті тұстамасында су сапасы 3 класқа жатады: фосфаттар – 0,466 мг/дм³, сульфаттар -259,2 мг/дм³, магний -25,5 мг/дм³, жалпы фосфор -0,383 мг/дм³. Фосфаттардың, сульфаттардың және жалпы фосфордың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

– Нұр-Сұлтан қ, тазартылған нөсер суы шығарылғаннан 0,5 км жоғары тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 398,4 мг/дм³.

– Нұр-Сұлтан қ, тазартылған нөсер суы шығарылғаннан 0,5 км төмен тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 378,8 9мг/дм³.

– Талапкер кенті, «Астана су арнасы» тазартылған ағынды сулар ағызудан 0,5 км төмен» тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 441,1 мг/дм³.

– Нұр-Сұлтан қ., Көктал кенті «Астана су арнасы» тазартылған ағынды сулар төгіндісінен 0,5 км жоғары» тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер –439,8 мг/дм³.

- тұстама: Есіл к. (Каменный карьер а.), шебзауыттың солтүстік-батыс шеті су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ– 49,5 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Есіл өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 1,7-25,8°С, сутек көрсеткіші 7,5-8,65 суда ерітілген оттегінің концентрациясы– 5,52-14,8 мг/дм³, ОБТ₅орта есеппен–0,32-4,41 мг/дм³, түсі– 25градус, иіс– 0 балл.

Өзен ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: магний – 38,7 мг/дм³, ОХТ-33,6 мг/дм³.

Вячеславское су қоймасында –судың температурасы 6,13°С, сутек көрсеткіші 7,86 суда ерітілген оттегінің концентрациясы–9,56 мг/дм³, ОБТ₅–0,97 мг/дм³, түсі– 25градус, иіс– 0 балл.

-Арнасай а., Арнасай ауылынан 2 км. СШ,су бекеті тұстамасында: су сапасы 3 класқа жатады: жалпы фосфор – 0,257 мг/дм³, магний –28,8 мг/дм³, минерализация –1042,3 мг/дм³, сульфаттар –256,1 мг/дм³. Жалпы фосфордың, магнийдің, минерализацияның және жалпы фосфордың концентрациясы фондық кластан асады.

Нұра өзені:

–Романовка а., ауылдан 5 км төмен, су бекеті тұстамасында су сапасы 3 класқа жатады: аммоний-ион – 0,653 мг/дм³, фосфаттар – 0,593 мг/дм³, жалпы фосфор – 0,31 мг/дм³, магний – 25,9 мг/дм³. Аммоний-ионның, жалпы фосфордың, магнийдің және фосфаттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

– Шлюздер, су бекеті тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: жалпы фосфор – 0,432 мг/дм³. Жалпы фосфордың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

–Қорғалжын а., ауыл көпірі жанында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 376,7 мг/дм³. Хлоридтердің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 3,35-25°С, сутек көрсеткіші 7,5-8,40, суда ерітілген оттегінің концентрациясы– 4,36-11,2 мг/дм³, ОБТ₅орта есеппен– 0,59-1,58 мг/дм³, түсі–25градус, иіс– 0 балл.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 3 класқа жатады: аммоний-ион– 0,609 мг/дм³, жалпы фосфор – 0,36 мг/дм³, магний – 27,2 мг/дм³, минерализация- 1075,7 мг/дм³, фосфаттар– 0,539 мг/дм³.

Нұра-Есіл арнасы:

–Ақмола обл., арна басы, су бекеті тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ –33,5 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

– Пригородное а., автокөлік көпірі жанында тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ– 46,5 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Нұра-Есіл арнасының ұзындығы бойынша судың температурасы 2,75-25,4 °С, сутек 7,60-8,50суда ерітілген оттегінің концентрациясы– 3,49-11,8 мг/дм³, ОБТ₅орта есеппен– 0,58-2,61мг/дм³, түсі–25градус, иіс– 0 балл.

Нұра-Есіл арнасының ұзындығы бойынша судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 39,9 мг/дм³.

Ақбұлақ өзені:

– Нұр-Сұлтан қ., сорғы-сүзгіш станциясының жуу суынан 0,5 км жоғары (Ш. Құдайбердиев көшесі ауданы): су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 792 мг/дм³, кальций – 252 мг/дм³.

– Нұр-Сұлтан қ., сорғы-сүзгіш станциясының жуу суынан 0,5 км төмен (Ш. Құдайбердиев көшесі ауданы): су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 636 мг/дм³.

– Нұр-Сұлтан қ., Есіл өзеніне құяр алдында Мечта дүкені ауданы (Амман к-сі, 14): су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 682 мг/дм³.

– Нұр-Сұлтан қ., тазартылған нөсерлі су шығысынан 0,5 км жоғары, Ақжол к. ауданы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 1028 мг/дм³, минерализация – 2631 мг/дм³, кальций – 198 мг/дм³.

– Нұр-Сұлтан қ., тазартылған нөсер суынан 0,5 км төмен, Ақжол к. ауданы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 975 мг/дм³, минерализация – 2365 мг/дм³.

Ақбұлақ өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 2,67-25,4°C, сутек көрсеткіші 6,4-8,70 суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 3,2-11,4 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен – 0,59-4,41 мг/дм³, түсі – 25 градус, иіс – 0 балл.

Ақбұлақ өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 787,4 мг/дм³.

Сарыбұлақ өзені:

– Нұр-Сұлтан қ., тазартылған нөсер суларын шығарудан 0,5 км жоғары, су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 574,5 мг/дм³.

– Нұр-Сұлтан қ., тазартылған нөсер суларын шығарудан 0,5 км төмен, су сапа нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 2153,1 мг/дм³, ОХТ – 37,8 мг/дм³, хлоридтер – 655,3 мг/дм³. Хлоридтердің, ОХТ және минерализацияның нақты концентрациясы фондық кластан асады.

– Нұр-Сұлтан қ., Есіл өзеніне құяр алдында тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 2075,3 мг/дм³, ОХТ – 36,3 мг/дм³, хлоридтер – 524,6 мг/дм³. Хлоридтердің, ОХТ және минерализацияның нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Сарыбұлақ өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 1,16-24,8°C, сутек 7,2-8,4 суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 1,92-14,2 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен 0,59-5,89 мг/дм³, түсі – 25 градус, иіс – 0 балл.

Сарыбұлақ өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 2106,8 мг/дм³, хлоридтер – 646,6 мг/дм³.

Сұлтанкелді көлі ұзындығы бойынша судың температурасы 0-12°C, сутек көрсеткіші 7,7-8,0 суда еріген оттегінің концентрациясы – 4,94- 9,54 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен – 0,65-1,45 мг/дм³ ОХТ – 29,8-34,5 мг/дм³, қалқыма заттар – 4,4 мг/дм³, минерализация – 892-1054 мг/дм³, түсі – 25 градус, иіс – 0 балл.

Жабай өзені:

– Атбасар қ. тұстамасында: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 41,2 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

– Балқашино а. тұстамасында: су сапасы 3 класқа жатады: аммоний-ион – 0,898 мг/дм³, магний – 24,75 мг/дм³. Аммоний-ионның нақты концентрациясы фондық кластан асады, магнийдің концентрациясы фондық кластан аспайды.

Жабай өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0-14,0°C, сутегі көрсеткіші – 7,29-8,42, суда ерітілген өттегінің шоғырлануы – 6,55-11,18 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,25-2,32 мг/дм³, түсі – 10-60 градус, иісі – 0 балл.

Жабай өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: магний – 32,9 мг/дм³.

Сілеті өзені:

Сілеті өзенінде су температурасы 0-12,2°C, сутегі көрсеткіші – 8,15-8,55 суда ерітілген өттегінің шоғырлануы – 9,53-13,50 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,50-1,50 мг/дм³, түсі – 10-35 градус, иісі – 0 балл.

- Степногорск қ. тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 36,0 мг/дм³.

Ақсу өзені:

- Степногорск қ. тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 110,3 мг/дм³, минерализация - 2306 мг/дм³, ОХТ – 49,8 мг/дм³, хлоридтер – 728 мг/дм³.

- 1 км төгіндіден жоғары тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 101,9 мг/дм³, минерализация - 2071 мг/дм³, ОХТ – 50,55 мг/дм³, хлоридтер – 603 мг/дм³.

- 1 км төгіндіден төмен тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 кластан): аммоний-ион – 5,963 мг/дм³, ОХТ – 74,3 мг/дм³, жалпы темір – 0,428 мг/дм³.

Ақсуөзенінде су температурасы 0-11,2°C, сутегі көрсеткіші – 7,73-8,81 суда ерітілген өттегінің шоғырлануы – 6,05-16,65 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,32-3,89 мг/дм³, түсі – 25-60 градус, иісі – 1 балл.

Ақсу өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 58,2 мг/дм³, аммоний-ион – 2,77 мг/дм³, хлоридтер – 557 мг/дм³.

Бетгібұлақ өзені:

- тұстама: Золотой Бор кордоны. Су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 31,0 мг/дм³, қалқымалы заттар – 7,2 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады, қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

Бетгібұлақ өзенінде су температурасы 0-12,6°C, сутегі көрсеткіші – 6,21-7,85 судағы ерітілген өттегінің концентрациясы – 7,75-11,54 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,29-0,92 мг/дм³, түсі – 20-140 градус, иісі – 0 балл.

Қылшықты өзені:

- тұстама: Көкшетау қ., Кірпіш зауыты ауданы. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 75,7 мг/дм³, жалпы темір – 0,35 мг/дм³.

- тұстама: Көкшетау қ., “Аққу” балабақшасы ауданы. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 65,1 мг/дм³.

Қылшықты өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0-20,4°C, сутегі көрсеткіші – 7,34-8,23, суда ерітілген өттегінің концентрациясы – 3,31-14,74 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,49-6,78 мг/дм³.

Қылшықты өзен ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 70,4 мг/дм³.

Шағалалы өзені:

- тұстама: Көкшетау қ., Заречный а. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 36,7 мг/дм³.

- тұстама: Көкшетау қ., Красный Яр а.: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ХПК – 36,4 мг/дм³, жалпы темір – 0,33 мг/дм³.

Шағалалы өзені бойынша су температурасы 0-23,0°C, сутегі көрсеткіші – 7,58-8,22, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 8,08-12,17 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,65-6,54 мг/дм³.

Шағалалы өзен ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 36,5 мг/дм³.

Зеренді көлі:

Зеренді көлі су температурасы 0-20°C, сутегі көрсеткіші – 8,31-8,86, суда ерітілген оттегінің концентрациясы– 7,57-11,52 мг/дм³, ОБТ₅–0,58-1,93 мг/дм³, ОХТ – 40-76 мг/дм³, қалқыма заттар – 5,8-10,2 мг/дм³, минерализация –171-1107 мг/дм³, түсі – 10-15 градус, иісі – 0 балл.

Қопа көлі:

Қопа көлі су температурасы 0-20,0°C, сутегі көрсеткіші – 7,64- 8,25, судағы еріген оттегінің концентрациясы– 6,74-9,98 мг/дм³, ОБТ₅ –0,63-2,47 мг/дм³, ОХТ – 34,1-67 мг/дм³, қалқыма заттар –4,8- 15,2 мг/дм³, минерализация –152-1221 мг/дм³, түсі – 10-25 градус, иісі – 0 балл.

Бурабай көлі:

Бурабай көлі сутемпературасы 0-21,6°C, сутегі көрсеткіші – 7,32-9,84, судағы еріген оттегінің концентрациясы – 7,16-11,46 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,33-2,08 мг/дм³, ОХТ – 26-77 мг/дм³, қалқыма заттар – 3,6-11 мг/дм³, минерализация –174-310 мг/дм³, түсі – 10-40 градус; иісі – 0 балл.

Үлкен Шабакты көлі:

Үлкен Шабакты көлі су температурасы 6,0-20,4°C, сутегі көрсеткіші – 7,98-8,61, судағы еріген оттегінің концентрациясы– 6,97-11,35 мг/дм³, ОБТ₅ –0,42-1,82 мг/дм³, ОХТ – 43-75 мг/дм³, қалқыма заттар – 1,8-12,0 мг/дм³, минерализация –573-1138 мг/дм³, түсі – 5-20 градус, иісі – 0 балл.

Щучье көлі:

Щучье көлі су температурасы 6,0-20,0°C, сутегі көрсеткіші–7,47-8,34, судағы еріген оттегінің концентрациясы– 7,61-11,19 мг/дм³, ОБТ₅ –0,23-1,83 мг/дм³, ОХТ – 12-63 мг/дм³, қалқыма заттар – 3,0-5,4 мг/дм³, минерализация –335-468 мг/дм³, түсі – 5-80 градус, иісі – 0 балл.

Кіші Шабакты көлі:

Кіші Шабакты көлі су температурасы 10,1-18,2 °C, сутегі көрсеткіші – 7,72-8,80, судағы еріген оттегінің концентрациясы– 7,20-10,97 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,42-4,71 мг/дм³, ОХТ – 27-118 мг/дм³, қалқыма заттар – 9,6-32,6 мг/дм³, минерализация – 324-5263мг/дм³, түсі – 5-25 градус, иісі – 0 балл.

Сұлукөл көлі:

Сұлукөл көлі су температурасы 0-22,2°C, сутегі көрсеткіші–6,41-7,72, судағы еріген оттегінің концентрациясы– 3,32-10,52 мг/дм³, ОБТ₅ –0,69-5,02 мг/дм³, ОХТ – 61-87 мг/дм³, қалқыма заттар – 1,8-24,2 мг/дм³, минерализация –102-228 мг/дм³, түсі – 75-80 градус, иісі – 0 балл.

Карасье көлі:

Карасье көлі су температурасы 0-21,4°C, сутегі көрсеткіші 6,85-7,64, судағы еріген оттегінің концентрациясы– 7,24-9,26 мг/дм³, ОБТ₅ –0,59-1,59 мг/дм³, ОХТ –

35-56 мг/дм³, қалқыма заттар – 4,8-11,8 мг/дм³, минерализация –169-231мг/дм³, түсі – 25-40 градус, иісі – 0 балл.

Жүкей көлі:

Жүкей көлі су температурасы 12,0-22,4°С, сутегі көрсеткіші – 8,16-9,0, судағы еріген оттегінің концентрациясы– 5,32-10,19 мг/дм³, ОБТ₅ –0,67-2,31 мг/дм³, ОХТ – 47-89 мг/дм³, қалқыма заттар – 2,4-18,4 мг/дм³, минерализация –1422-7076 мг/дм³, түсі – 5-70 градус, иісі – 0 балл.

Майбалық көлі:

Майбалық көлі суының температурасы температурасы 13,5-13,8°С, сутегі көрсеткіші 8,10-8,65, судағы еріген оттегінің шоғыры – 5,07-6,89 мг/дм³, ОБТ₅ –0,66-1,91 мг/дм³, ОХТ – 57-356 мг/дм³, қалқыма заттар – 6,4-10,2 мг/дм³, минерализация –1782-26159 мг/дм³, түсі – 25-40 градус; иісі – 0 балл.

Текекөл көлі:

Текекөл көлі суының температурасы температурасы 10,5-13,6°С, сутегі көрсеткіші 7,98-8,43, судағы еріген оттегінің шоғыры – 7,20-7,36 мг/дм³, ОБТ₅ –0,69-0,99 мг/дм³, ОХТ – 52-69 мг/дм³, қалқыма заттар – 3,0-4,6 мг/дм³, минерализация – 715-754 мг/дм³, түсі – 10-20градус; иісі – 0 балл.

Қатаркөл көлі:

Қатаркөл көлі суының температурасы температурасы 12,4-13,7°С, сутегі көрсеткіші 7,90-8,17, судағы еріген оттегінің шоғыры – 5,3-7,70 мг/дм³, ОБТ₅ –0,92-1,41мг/дм³, ОХТ – 87-88 мг/дм³, қалқыма заттар – 4,2-5,8 мг/дм³, минерализация – 858-974 мг/дм³, түсі –30 градус; иісі – 0 балл.

Лебяжье көлі:

Лебяжьекөлі суының температурасы температурасы 21,0°С, сутегі көрсеткіші 6,37, судағы еріген оттегінің шоғыры – 5,15 мг/дм³, ОБТ₅ –3,3 мг/дм³, ОХТ – 90 мг/дм³, қалқыма заттар – 19,0 мг/дм³, минерализация –184 мг/дм³, түсі – 160 градус; иісі – 1 балл.

2020 жылғы 1 жарты жылдық бойынша Ақмола облысы аумағындағы су объектілерінің сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесі түрде бағаланады: 3 класс – Нұра өзені, Вячеславское су қоймасы, 4 класс – Есіл, Жабай, Беттібұлақ өзендері, нормаланбайды (>5 класс) – Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Сілеті, Ақсу, Қылшықты, Шағалалы өзендері, Нұра-Есіл арнасы (4-кесте).

2019 жылғы 1 жарты жылдықпен салыстырғанда Есіл, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Ақсу, Қылшықты, Шағалалы өзендерінде айтарлықтай өзгермеді, Нұра, Жабай, Беттібұлақ өзендерінде су сапасы-жақсарды, Сілеті өзенінде, Вячеславское су қоймасында, Нұра-Есіл арнасында су сапасы-нашарлады.

1.11 Щучинск-Бурабай курорттық аймағы аумағындағы 2020 жылғы көктем кезіндегі түптік шөгінділер жай-күйі

Щучинск-Бурабай курорттық аймағы аумағында 2020 жылдың мамыр айында 11 көлден 29 бақылау нүктелері бойынша түптік шөгінділерден сынама алынды.

Түптік шөгінділерде ауыр металдар (мыс, хром, кадмий, қорғасын, күшән, никель және марганец) мөлшері анықталды. Сынама саны (1500 гр), сынама алу әдістемесі МЕМСТ сәйкес.

Қатаркөл көліндегі түптік шөгінділерде кадмий шоғыры орташа алғанда 0,72 мг/кг, никель – 11,65 мг/кг, қорғасын – 3,61 мг/кг, мыс – 14,12 мг/кг, хром – 1,60 мг/кг, , күшән – 1,12 мг/кг, марганец – 15,08 мг/кг.

Щучье көліндегі түптік шөгінділерде кадмий шоғыры орташа алғанда 0,87 мг/кг, никель – 8,61 мг/кг қорғасын – 4,91 мг/кг, мыс – 6,16 мг/кг, хром – 8,53 мг/кг, , күшән – 0,82 мг/кг, марганец – 28,01 мг/кг.

Кіші Шабакты көлінде сынама алынған түптік шөгінділерде кадмий шоғыры орташа алғанда 1,40 мг/кг, никель – 9,96 мг/кг, қорғасын – 4,75 мг/кг, мыс – 8,26 мг/кг, хром – 7,49 мг/кг, күшән – 1,54 мг/кг, марганец – 43,11 мг/кг.

Майбалық көлінің түптік шөгінділерінде кадмий шоғыры орташа алғанда 1,06 мг/кг, никель – 12,27 мг/кг, қорғасын – 7,56 мг/кг, мыс – 11,10 мг/кг, хром – 10,30 мг/кг, күшән – 2,32 мг/кг, марганец – 44,61 мг/кг.

Текекөл көлінің түптік шөгінділерінде кадмий шоғыры орташа алғанда 1,08 мг/кг, никель – 12,10 мг/кг, қорғасын – 11,52 мг/кг, мыс – 17,62 мг/кг, хром – 7,42 мг/кг, күшән – 1,15 мг/кг, марганец – 25,53 мг/кг

Үлкен Шабакты көлінде сынама алынған түптік шөгінділерде кадмий шоғыры орташа алғанда 0,84мг/кг, никель – 14,45 мг/кг, қорғасын – 5,54 мг/кг, мыс – 10,47 мг/кг, хром – 8,08 мг/кг, күшән – 2,42 мг/кг, марганец – 35,76 мг/кг.

Сұлукөл көлінен алынған түптік шөгінділерде кадмий шоғыры орташа алғанда 1,13 мг/кг, никель – 14,75 мг/кг, қорғасын – 11,57 мг/кг, мыс – 18,03 мг/кг, хром – 10,65 мг/кг, күшән – 0,40 мг/кг, марганец – 32,23 мг/кг.

Карасу көлінің түптік шөгінділерінде кадмий шоғыры орташа алғанда 2,64 мг/кг, никель – 11,83 мг/кг, қорғасын – 9,73 мг/кг, мыс – 14,93 мг/кг, хром – 5,01 мг/кг, күшән – 0,86мг/кг, марганец – 38,42 мг/кг.

Бурабай көлінен сынама алынған түптік шөгінділерде, кадмий шоғыры орташа алғанда 2,45 мг/кг, никель – 24,08 мг/кг, қорғасын – 16,67 мг/кг, мыс – 22,98 мг/кг, хром – 5,64 мг/кг, күшән – 0,96 мг/кг, марганец – 22,78 мг/кг құраған.

Лебяжье көліндегі түптік шөгінділерде кадмий шоғыры орташа алғанда 1,21 мг/кг, никель – 25,00 мг/кг, қорғасын – 5,01 мг/кг, мыс – 14,30 мг/кг, хром – 3,45 мг/кг, күшән – 1,10 мг/кг, марганец – 19,05 мг/кг құраған.

Жүкей көліндегі түптік шөгінділерде кадмий шоғыры орташа алғанда 1,23 мг/кг, , никель – 30,91 мг/кг, қорғасын – 4,04 мг/кг, мыс – 20,15 мг/кг, хром – 4,80 мг/кгкүшән – 1,01 мг/кг, марганец – 10,02 мг/кг құраған.

Талдау нәтижелері 8 кестеде келтірілген.

8-кесте

Щучинск-Бурабай курорттық аймағы аумағындағы көлдер түптік шөгінділерінің талдау нәтижелері

№	Сынама алу орны (көлдер)	Металдардың қышқылда еритін формаларының шоғыры, мг/кг						
		Cd	Ni	Pb	Cu	Cr	As	Mn
1	Қатаркөл .1/1 СШ	0,94	19,54	2,94	14,89	2,00	1,27	45,07

2	Қатаркөл 1/2 Б	0,57	3,19	4,56	13,52	1,09	7,89	20,92
3	Щучье 2/1 Б	0,93	16,51	4,31	5,16	10,82	0,51	24,89
4	Щучье 2/2 ОБ	0,60	13,12	4,85	5,29	10,87	1,47	29,02
5	Щучье.2/3 С	1,09	4,17	5,94	12,36	10,65	0,44	35,08
6	Щучье 2/4 Ш	1,05	1,30	4,56	2,23	0,89	0,57	49,04
7	КішіШабақты 3/1 ОБ	1,54	10,62	5,23	18,76	8,99	1,70	35,50
8	КішіШабақты 3/2 Б	1,19	18,90	5,72	3,03	13,02	1,51	50,05
9	КішіШабақты 3/3 С	1,24	6,82	4,50	1,56	7,19	0,89	40,00
10	КішіШабақты 3/4 С	1,10	3,77	3,35	9,40	0,94	2,04	51,02
11	Майбалық 4/1 ОБ	1,21	10,19	7,71	10,09	12,59	2,38	10,17
12	Майбалық 4/2 Б	0,96	14,18	7,34	11,50	7,47	2,19	9,44
13	Текекөл 5/1 ОБ	1,05	12,49	19,12	18,40	13,02	0,94	26,41
14	Текекөл 5/2 СБ	1,27	12,07	13,10	17,52	1,90	1,21	25,79
15	УлкенШабақты 6/1 Ш	0,84	16,39	4,68	4,59	11,02	2,60	39,02
16	УлкенШабақты 6/2 ОШ	0,74	10,15	6,82	15,99	5,22	2,39	24,01
17	УлкенШабақты 6/3 Б	0,78	14,02	4,94	15,24	4,89	1,53	40,52
18	УлкенШабақты 6/4 СШ	0,70	28,44	5,02	14,04	8,07	1,56	34,00
19	Сұлукөл 7/1 СШ	1,30	2,50	13,04	17,52	11,12	0,32	13,12
20	Сұлукөл 7/2 С	1,04	1,07	12,97	18,02	11,24	0,56	17,54
21	Карасье 8/1 СШ	2,89	14,19	5,89	15,04	4,19	0,87	57,89
22	Карасье 8/2 Ш	2,85	12,29	6,04	15,00	1,52	0,72	28,01
23	Карасье 8/3 ШОШ	2,45	8,27	6,18	14,38	9,34	1,20	34,92
24	Бурабай 9/1 О	3,02	14,72	17,04	20,70	2,42	1,32	60,15
25	Бурабай 9/2 С	2,64	23,37	16,67	29,04	11,02	0,82	15,12
26	Бурабай 9/3 С	2,12	30,02	16,14	25,87	7,09	0,84	9,15
27	Бурабай 9/4 С	2,30	30,87	17,09	22,47	2,01	1,20	8,32
28	Лебяжье 10/1 СШ	1,19	24,90	4,89	14,38	3,49	1,15	18,40
29	Жүкей 11/1 ОБ	1,20	31,46	3,76	22,25	4,93	1,04	9,15

1.12 2020 жылдың көктем мезгіліндегі Ақмола облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Нұр-Сұлтан қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамасында мыс құрамы 0,005-0,1 мг/кг, хром – 0,05-0,1мг/кг, қорғасын – 0,004-0,01 мг/кг, мырыш – 0,003-0,01 мг/кг, кадмий – 0,02-0,4мг мг/кг шамасында болды.

Нұр-Сұлтан қаласында алынған топырақ сынама аларында ауыр металдар құрамының рұқсат етілген нормадан асуы байқалмады.

«Бурабай» кешенді фондық мониторинг станциясында (КФМС) алынған топырақ сынама сынындағы мырыш құрамы – 0,0061 мг/кг, мыс – 0,0056 мг/кг, қорғасын – 0,0022 мг/кг, хром – 0,0366 мг/кг және кадмий – 0,0166 мг/кг шамасында болды.

Бурабай кентінде алынған топырақ сынама аларында мырыш 0,0028-0,0077 мг/кг, мыс – 0,0050-0,0066 мг/кг, қорғасын – 0,0021-0,0036 мг/кг, хром – 0,0172-0,0530 мг/кг, кадмий – 0,0042-0,1379 мг/кг құрады.

Анықталатын Бурабай кентінде ауыр металдар құрамы норма шамасында болды.

Щучинск қаласының түрлі аудандарынан алынған хром 0,0176-0,0762 мг/кг аралығында, мыс – 0,0041-0,0050 мг/кг, қорғасын – 0,0023-0,0062 мг/кг, мырыш – 0,0028-0,0044 мг/кг, кадмий – 0,0042-0,1379 мг/кг шамасында болды.

Щучинск

қаласында аумағында алынған топырақ сынама сынында ауыр металдардың құрамының рұқсат етілген нормадан асуы байқалмады.

Көкшетау қаласында түрлі аудандарынан алынған хром 0,0439-0,1397 мг/кг, мыс – 0,0040-0,0058 мг/кг, қорғасын – 0,0033-0,0076 мг/кг, мырыш – 0,0038-0,0168 мг/кг, кадмий – 0,085-0,1224 мг/кг шамасында болды.

Көкшетау қаласында алынған топырақ сынама сынында ауыр металдардың құрамының рұқсат етілген нормадан асуы байқалмады.

1.13 Ақмола облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 15 метеорологиялық стансада (Астана, Аршалы, Ақкөл, Атбасар, Балкашино, «Боровое» КФМС, Егінлікөл, Ерейментау, Көкшетау, Қорғалжын, Степногор, Жалтыр, Бурабай, Щучье, Шортанды) бақылау жүргізіледі (1.7 -сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,02 – 0,44 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

1.14 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақмола облысында 5 метеорологиялық станцияда (Атбасар, Көкшетау, Степногор, Астана, «Боровое» КФМС) ауа сынама сыны горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (1.7-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8 – 2,5 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,4 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



1.7 сур. Ақмола облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

2 Ақтөбе облысының қоршаған орта жай-күйі

2.1 Ақтөбе қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізілді (2.1-сур., 2.1-кесте).

2.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет номері	Алу мерзімдері	Бақылау жүргізу	Бекеттер мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Авиақалашық, 14	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді
4	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Белинский көшесі, 5	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек, формальдегид, хром
5			Ломоносовкөшесі, 7	қалқыма бөлшектер (шаң), көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, ерігіш сульфаттар, формальдегид, хром
2	әрбір 20 минут сайын	үздіксіз режимде	Рысқұлов көшесі, 4 Г	қалқыма бөлшектері РМ-10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутек, радиациялық гамма фон қуаттылығы

3			Есет-батыр көшесі, 109А	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді озон (жербеті), күкіртті сутек, радиациялық гамма фон қуаттылығы
6			Жанқожа-батыр көшесі, 89	қалқыма бөлшектері РМ-2,5, қалқыма бөлшектері РМ-10, азот оксиді, азот диоксиді, аммиак, озон (жербеті)



2.1-сурет. Ақтөбе қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша, (сурет 2.1) қаладағы атмосфералық ауаның ластануы жоғары деңгейде сипатталды, ол №2 бекет аумағында (Рысқұлов көшесі, 4Г) күкіртсутек шоғыры бойынша СИ мәні 20 тең (жоғары деңгей) және №3 бекет аумағында (Есет батыр көшесі, 109) озон шоғыры бойынша ЕЖҚ=16 % мәнімен анықталды.

* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес егер СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияларға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.

Озонның (жербеті) орташа тоқсандық шоғыры 2,2 ШЖШ_{0.т} құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Күкірт диоксидінің максималды бір реттік шоғыры –1,4 ШЖШ_{м.б}, көміртек оксиді – 2,0 ШЖШ_{м.б}, озон (жербеті) – 2,4 ШЖШ_{м.б}, күкірсутегі – 8,9 ШЖШ_{м.б}, РМ-

10 қалқыма бөлшектер – 1,9 ШЖШ м.б, азот диоксиді – 1,8 ШЖШ м.б, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады (кесте-1).

2.2 Қандыағаш қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Қандыағаш қаласындағы атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде жүргізілді (*Нүкте №1 – Западная көшесі, нүкте №2 – Сейфуллина көшесі*).

Қалқыма бөлшектер РМ 10, азот оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкіртсутек, аммиак және формальдегидшоғырлары анықталды.

Күкіртсутегінің максималды бір реттік шоғыры 1 нүктеде – 4,1 ШЖШ м.б, 2 нүктеде – 4,7 ШЖШ м.б, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады (кесте 2.2).

2.2-кесте

Қандыағаш қаласындағы бақылау мәліметтері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын копалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер РМ 10	0,0830	0,2767	0,0760	0,0376
Күкірт диоксиді	0,0026	0,0053	0,0019	0,0038
Көміртек оксиді	0,0397	0,0079	0,0141	0,0028
Азот диоксиді	0,0416	0,2080	0,0253	0,1265
Азот оксиді	0,0392	0,0980	0,0154	0,0385
Күкіртсутек	0,0327	4,0875	0,0376	4,7000
Аммиак	0,0065	0,0325	0,0081	0,0407
Формальдегид	0,0061	0,1224	0,0056	0,1122

2.3 Кеңқияқ ауылының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Кеңқияқ ауылындағы атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде жүргізілді (*Нүкте №1 – Западная көшесі, нүкте №2 – Сейфуллина көшесі -Жеңіс даңғылы*).

Қалқыма бөлшектер РМ 10, азот оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкіртсутек, аммиак және формальдегид шоғырлары анықталды.

Күкіртсутегінің максималды бір реттік шоғыры 1 нүктеде – 1,9 ШЖШ м.б, 2 нүктеде – 3,4 ШЖШ м.б, азот диоксиді – 1,9 ШЖШ м.б, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады(кесте 2.3).

2.3-кесте

Кеңқияқ ауылының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер РМ 10	0,0700	0,2333	0,0530	0,1767
Күкірт диоксиді	0,0000	0,0000	0,0000	0,0000
Көміртек оксиді	0,0124	0,0025	0,0131	0,0026
Азот диоксиді	0,0196	0,0980	0,3880	1,9400
Азот оксиді	0,0084	0,0210	0,0187	0,0468
Күкіртсутек	0,0157	1,9588	0,0269	3,3625
Аммиак	0,0244	0,1220	0,0045	0,0223
Формальдегид	0,0000	0,0000	0,0000	0,0000

2.4 Шұбаршы ауылының эпизодтық бақылауына сәйкес атмосфералық ауаның жай-күйі

Шұбаршы ауылындағы атмосфералық ауаның ластануын бақылау 2 нүктеде жүргізілді (Нүкте №1 – Қазақтың мұнайына 100жыл көшесі, нүкте №2 – №56 үй көшесі).

РМ 10 қалқымабөлшектердің, азот оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкірт сутегі, аммиак және формальдегидшоғырлары анықталды.

Күкірт сутегінің максималды бір реттік шоғыры 1 нүктеде –3,5 ШЖШ м.б., 2 нүктеде – 4,2 ШЖШ м.б., басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады(кесте 2.4).

2.4-кесте

Шұбаршы ауылындағы бақылау мәліметтері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталушы қоспалар	Жинау нүктесі			
	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /ПДК	q _m мг/м ³	q _m /ПДК
Қалқыма бөлшектер РМ 10	0,0330	0,1100	0,0290	0,0967
Күкір қостотығы	0,0000	0,0000	0,0000	0,0000
Көміртек тотығы	0,0144	0,0029	0,0121	0,0024
Азот қостотығы	0,1210	0,6050	0,0342	0,1709
Азот тотығы	0,0051	0,0127	0,0051	0,0128
Күкіртсутек	0,0279	3,4875	0,0334	4,1750
Аммиак	0,0115	0,0575	0,0045	0,0224
Формалділік мөлшері	0,0062	0,1232	0,0062	0,1232

2.5 Ақтөбе облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 7 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылгелді,

Новоалексеевка, Родниковка, Уил, Шалқар, Жағабұлақ) және Ақтөбе қаласының (№2 ЛББ, № 3 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (2.2-сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,02– 0,28 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

2.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақтөбе облысында 3 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Шалқар) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (2.2-сур.). Барлық станцияларда бестуәліктік сынамаларды алу жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,0-3,0 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,5 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



2.2-сурет. Ақтөбе облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

2.7 Ақтөбе облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 6 метеостанцияларда (Ақтөбе, Аяқкүм, Жағабұлақ, Мұғалжар, Новороссийское, Шалқар) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (2.2-сурет).

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 30,99 %, сульфаттар 26,89 %, хлоридтер 11,31 %, кальций иондары 13,78 %, натрий иондары 7,06 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Аяққұм МС – 279,57 мг/л, ең азы Ақтөбе МС – 47,98 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 73,00 мкСм/см-ден (Ақтөбе МС) 421,0 мкСм/см (Аяққұм МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы әлсіз қышқыл, бейтарап орта сипатта болып, 5,23 (Жағабұлақ МС) – 7,11 (Шалқар МС) аралығында болды.

2.8 Ақтөбе облысының аумағында қар жамылғысының химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 6 метеостанцияларда (Ақтөбе, Жағабұлақ, Мұғалжар, Новороссийское, Шалқар) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (2.2-сурет).

Құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 38,85 %, сульфаттар 23,44 %, хлоридтер 6,12 %, кальций иондары 16,28 %, магний иондары 3,07 %, натрий иондары 4,66 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Ақтөбе МС – 77,84мг/л, ең азы Мұғалжар МС – 13,73 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 24,00 мкСм/см-ден (МС Мұғалжар) 111,9 мкСм/см (Ақтөбе МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы әлсіз қышқыл, бейтарап сипатта болып, 5,17 (Жағабұлақ МС) – 7,35 (Ақтөбе МС) аралығында болды.

2.9 Ақтөбе облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Ақтөбе қаласының түрлі аудандарда алынған топырақ сынамасында қорғасын 0,01-0,09 мг/кг, хром 0,03-0,09 мг/кг және мырыш 1,25-1,94 мг/кг, мыс 0,07-0,16 мг/кг, кадмий 0,07-0,14 мг/кг шамасында болды.

№16 мектеп, Түргенев к., авиақалашық, теміржол бекеті ауданында, АЗФ зауыты аудандарында анықталатын қоспалар концентрациясы рұқсат етілген норма көлемінде болды.

2.10 Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 12 су нысанында: Елек, Ор, Ембі, Темір, Карғалы, Қосестек, Бірғыз, Қара Қобда, Үлкен Қобда, Ойыл, Ақтасты өзендері мен Шалқар көлінде жүргізілді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Елек өзені:

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 0,3 км жоғары, Ақтөбе химиялық зауытының шлам тоғандарынан 1 км жоғары: су сапасы 5 - класқа жатады: қалқыма заттар – 13,75 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 15 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен: су сапасы 5 - класқа жатады: қалқыма заттар – 16,77мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 0,5 км жоғары, Новороссийск көпірінен 8 км жоғары, Қарғалы өз. құйылысынан 11,2 км жоғары: су сапасы 4 - класқа жатады: магний – 48,9 мг/дм³, аммоний-ион – 1,156 мг/дм³. Магнийдің, аммоний-ионның нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 4,5 км төмен, Жінішке өзеніне төмен құятын, жер асты суларының шығуынан 0,5 км жоғары:су сапасы 4 - класқа жатады: магний – 52,5 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені,Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 20 км төмен, Георгиевка ауылынан 2,0 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен: су сапасы 4 - класқа жатады: магний – 53,2 мг/дм³, қалқыма заттар – 15,05 мг/дм³, фенолдар – 0,0013 мг/дм³, хром(6+) – 0,087 мг/дм³. Магнийдің, қалқыма заттардың, фенолдардың, хром(6+) концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені,Ақтөбе облысы, Целинный ауылынан 1,0 км оңтүстік – шығысқа, Елек өзенінің сол жақ жағалауы: су сапасы 4-класқа жатады: магний – 61,9 мг/дм³, аммоний-ион – 1,107 мг/дм³, фенолдар – 0,0024 мг/дм³, хром(6+) – 0,099 мг/дм³. Магнийдің, аммоний-ионның, фенолдардың, хром(6+) концентрациясы фондық кластан асады.

Елек өзені бойынша су температурасы 0-24°С, сутегі көрсеткіші 6,32 – 8,30, судағы еріген оттегі 5,70 – 12,06 мг/дм³, ОБТ₅ 1,02 – 1,92 мг/дм³, түстілігі – 15-21см, иісі – 0-1 балл.

Елек өзені бойынша су сапасы 4-класқа жатады: магний – 52,85 мг/дм³, қалқыма заттар – 12,41 мг/дм³,фенолдар – 0,0016 мг/дм³, хром(6+) – 0,093 мг/дм³.

-Қарғалы өзені, Қарғалы ауылы, ауылдың батыс бөлігінде Бұтақ өзенінің су келуінің оң жақ беткейінен 1 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,0013 мг/дм³. Фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 8,25-12°С, сутегі көрсеткіші 8,22, судағы еріген оттегі 8,185-8,22 мг/дм³, ОБТ₅ 1,11-1,76 мг/дм³, түстілігі – 21см, иісі – 0 балл.

-Қос-Естек өзені, Қос-Естек ауылы, ауылдың оңтүстік-батыс бөлігінде шамамен атауы жоқ су сағасының сол жақ беткейінен 1 км жоғары, Таранғұл және Айтпай өзендерінің суы қосылған жерінен 2 км төмен: су сапасы 3 класқа жатады: магний – 23,93 мг/дм³. Магнийдың концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 5,5 - 12,3°С, сутегі көрсеткіші 8,125 - 8,22, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,87-1,035 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,71-2,11 мг/дм³, түстілігі – 21см, иісі – 0 балл.

Ақтасты өзені, Белогорка ауылы, ауыл шетінің солтүстік-шығыс беткейі, Ақтасты құрайтын Тересбұтақ және Тересай өзендерінің су қосылған жерінен 9 км төмен: су сапасы 4-класқа жатады:магний – 32,2 мг/дм³. Магнийдың концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 5,95-12,1°C, сутегі көрсеткіші 8,135-8,17, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,20-10,305 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,21-1,625 мг/дм³, түстілігі – 21см, иісі – 0 балл.

Ойыл өзені, Ойыл ауылы, ауыл шетінің солтүстік-шығыс беткейінде автожол көпірінен (белдемінен) 92 м жоғары: су сапасы 4-класқа жатады: магний – 39,8 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 10,45-21°C, сутегі көрсеткіші 8,175-8,22, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,97-11,0 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,14 - 1,73 мг/дм³, түстілігі – 21см, иісі – 0 балл.

Үлкен Қобда, Қобда ауылы, Новоалексеевка ауылының шетінен оңтүстік-шығысқа 1 км, Темірбетонды автожол көпірінен (белдемінен) 400 м төмен: су сапасы 4 - класқа жатады: магний – 58,13 мг/дм³. Магнийдың концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 8,4-18,1°C, сутегі көрсеткіші 8,14-8,28, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,15-10,73 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,76-1,81 мг/дм³, түстілігі – 21см, иісі – 0 балл.

- **Қара Қобда**, Альпасай ауылы, Альпасай ауылынан 360 м. Шығысқа және Сары-Қобда өзенімен су қосылған жерден 18 км: су сапасы 4 - класқа жатады: магний – 33,3 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 1,35-17,2°C, сутегі көрсеткіші 8,15-8,30, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,685-11,14 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,17-1,54 мг/дм³, түстілігі – 21см, иісі – 0 балл.

Ембі өзені

- - Жағабұлақ ауылы, Жағабұлақ ауылынан 1,0 км солтүстік-батыста: су сапасы 4 - класқа жатады: магний – 58,035 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

- Саға ауылы, Ауылдан 1,0 км оңтүстік-батыста: су сапасы 4-класқа жатады: магний – 59,8 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

Ембі өзені бойынша су температурасы 11,5-22,1°C, сутегі көрсеткіші 8,01 - 8,05, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,3 – 8,65 мг/дм³, ОБТ₅ 1,22 – 1,67 мг/дм³, түстілігі – 21см, иісі – 0 балл.

Ембі өзені бойынша су сапасы 4-класқа жатады: магний – 58,92 мг/дм³.

Темір өзені

- Покровское ауылы, Шелісай өзенінің су келуінің сол жақ беткейінен 400 м төмен: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 36,8 мг/дм³, фенолдар – 0,0023 мг/дм³. Магнийдің, фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

- Ленинское ауылы, ауылдан 9 км төмен, Күлден-Темір өзенінің су сағасының сол жақ беткейінен 2 км төмен: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 15,22 мг/дм³, магний – 30,97 мг/дм³, фенолдар – 0,0023 мг/дм³. Қалқыма заттардың, магнийдің, фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

Темір өзені бойынша су температурасы 6,3-20 °C, сутегі көрсеткіші 7,95 – 8,035, судағы еріген оттегі концентрациясы 5,37 – 8,0 мг/дм³, ОБТ₅ 1,0-1,69 мг/дм³, түстілігі – 21 см, иісі – 0 балл.

Темір өзені бойынша су сапасы 4 класқа жатады: магний – 33,88 мг/дм³, фенолы – 0,0023 мг/дм³, қалқыма заттар – 13,97 мг/дм³.

- **Ор өзені**, Бөгетсай ауылы, ауылдан 0,3 км төмен, Бөгетсай өзенінің құйылысынан 0,2 км төмен: су сапасы 4-класқа жатады: қалқыма заттар – 22,48 мг/дм³, магний – 32,47 мг/дм³. Қалқыма заттардың, магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 14,6-15°С, сутегі көрсеткіші 7,955-8,10, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,44-10,35 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,36-1,56- мг/дм³, түстілігі – 19 см, иісі – 0 балл.

- **Ырғыз өзені**, Шеңбертал ауылы, ауылдан 8 км және темірбетон көпірден 1,2 км: су сапасы 4-класқа жатады: қалқыма заттар – 26,05 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 13,6-17°С, сутегі көрсеткіші 8,005-8,15, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,055-10,98 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,35-1,79 мг/дм³, түстілігі – 19 см, иісі - 0 балл.

Шалқар көлі, Шалқар қ., Шалқар көлінің шығыс жақ жағасы; су температурасы 11,15-12,3°С, сутегі көрсеткіші 7,99-8,12, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,93-9,46 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,46-1,82 мг/дм³, ХПК – 21,59 мг/дм³, минералдану – 964,9 мг/дм³, қалқыма заттар – 19,017 мг/дм³, түстілігі – 15,7 см, иісі – 0 балл.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2020 жылғы 1-жартжылдық бойынша Ақтөбе облысы аумағындағы су объектілері келесідей бағаланады: 3 класс – Қосестек өзені; нормаланбайды (>3 класс) – Қаргалы өзені; 4 класс – Елек, Ойыл, Ембі, Үлкен Қобда, Ор, Ырғыз, Ақтасты, Темір, Қара Қобда өзендері (4 кесте).

2019 жылдың 1-жартыжылдығымен салыстырғанда Елек, Ембі, Ақтасты, Темір, Ор, Ырғыз, Қара Қобда өзендерінің су сапасы айтарлықтай өзгермеген; Қосестек, Үлкен Қобда, Ойыл өзендерінің су сапасы жақсарған; Қаргалы өзенінде су сапасы нашарлаған.

3 Алматы облысының қоршаған орта жай-күйі

3.1 Алматы қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 26 стационарлық бекетте жүргізілді (3.1-сур., 3.1-кесте).

3.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Амангелді к-сі. Сәтбаев к-сі бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенолдар, формальдегид
12	тәулігіне 3 рет		Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр к-сі бұрышы	
16			Айнабұлақ-3 ш-а	

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
25			Ақсай-3 ш-а, Маречека к-сі, Б.Момышұлы к-сі бұрышы	
26			Тастақ-1 ш-а, Төле би к-сі, 249, ММ «№8 қалалық балалар емханасы»	
27	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Медеу метеостансасы, Горная к- сі,548	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
28			аэрологиялық станса (Өуежай ауданы) Ахметов к-сі, 50	
29			Түркісіб ауданының ІДАБ Р. Зорге к-сі,14	
30			«Шаңырақ» ш-а,№26 мектеп, Жанқожа батыр к-сі., 202	
31			Аль-Фараби даңғылы, Науаи к-сі бұрышы, Орбита ш-а («Зеленстрой» АҚ Дендропарк аймағы)	
1			Аль-Фараби атындағы ұлттық университеті аумағы, Бостандық ауданы	
2	Бұрындай автошаруашылық, Аэродромная к-сі, Түркісіб ауданы			
3	Момышұлы көшесіндегі «Алматы арена» мұз аренасы, Алатау ауданы			
4	№32 жалпы білім беру мектебі, 70 разъезд ауданы, Түркісіб ауданы			
5	«Халық арена»мұз аренасы, Медеу ауданы, Думан мөлтекауданы			
6	Жетісу әкімшілігі аумағы, «Құлагер» мөлтекауданы, Жетісу ауданы			
ПА4312603			Ақан Сері, 159Б (Баум тоғай ауданы)	
ПА4439475	әр 30 минут сайын	үзіліссіз режимде	Курчатов, 1Б (Райымбек және Өтеген Батыр ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері
ПА4439094			Мирас 53	
ПА7723955			Камышин, 108 (Аэропорт ауданы)	
ПА4438736			Мамыр 1, үй 27	
ПА39168240			Карасу, 6-ы, 122	
ПА5			Төле би, 159	
ПА6			Розыбакиев, 270	
ПА38834077			Тимирязев, 28в	
ПА12			НИИ астрофизик атындағы. В.Г. Фесенков	



3.1-сурет. Алматы қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

